

Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қыркүйек N 1212. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1277 қаулысымен.

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу тәртібін белгілеу мақсатында, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы 9-бабының 7) тармақшасына және "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1212 қаулысымен бекітілген

Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережені әзірлеудегі мақсат тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер

көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу жөнінде шешім қабылдау тәртібін айқындау болып табылады.

3. Ереже меншік нысандарына қарамастан тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) белгілі бір түрі рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие және Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген рынок субъектілеріне (бұдан әрі - Рынок субъектілері) қолданылады.

4. Монополиялық түрде өндірілетін (жеткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешімді монополиялық саясат саласындағы орталық атқарушы орган мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі - Монополияға қарсы орган) қабылдайды және бұйрықпен ресімдейді.

5. Бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізу монополиялық түрде өндірілетін (жеткізілетін) тауарларға (жұмыстарға, қызметтер көрсетуге) кесімді бағалар (тарифтер) белгілеуді білдіреді.

Осы Ереженің мақсаттары үшін кесімді баға (тариф) деп белгілі деңгейде белгіленетін, Монополияға қарсы органның шешімі бойынша ғана өзгеруі мүмкін баға (тариф) түсіндіріледі.

2. Бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешім қабылдау тәртібі

6. Рынок субъектілері Монополияға қарсы органға монополиялық түрде өндірілетін (жеткізілетін) тауар (жұмыс, қызмет көрсету) бағаларының алдағы уақытта көтерілетіні туралы және олардың көтерілу себептері туралы көтерілу себептерін растайтын құжаттарды (мысалы, шикізатты жеткізу құны артқан кезде тиісті шарттың көшірмесін жіберу және т.б.) бере отырып, 30 күн бұрын жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

7. Бағаның көтерілу себептерін растайтын құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Монополияға қарсы орган бағаның алдағы уақытта көтерілетініне келіседі не Рынок субъектісіне бағаны көтеру үшін негіздемелердің жоқтығы туралы хабарлама жібереді.

Рынок субъектісі ұсынған құжаттарды қарау процесінде Монополияға қарсы орган бағаның көтерілу себептері туралы қосымша ақпарат сұратуға құқылы, оны Рынок субъектісі тиісті сұрауды алған күннен бастап үш күн мерзім ішінде ұсынуда тиіс.

8. Бағаны көтеру үшін негіздемелердің жоқтығы туралы хабарлама алған Рынок субъектісі монополиялық түрде өндірілетін (жеткізілетін) тауар (жұмыс, қызмет көрсету) бағасын бұрынғы деңгейде сақтайды.

9. Рынок субъектілері осы Ереженің 6 және/немесе 8-тармақтарында белгіленген талаптарды орындамаған жағдайларда, сондай-ақ Рынок субъектілері

күнтізбелік жыл ішінде бәсекені шектеуге бағытталған екі немесе одан көп монополияға қарсы заң бұзушылық жасаған ретте, оларды бөлу, бөліп шығару мүмкін емес немесе мақсатқа сай келмейтін кезде Монополияға қарсы органның шешімі бойынша монополиялық түрде өндірілетін (жеткізілетін) тауарға (жұмысқа, қызмет көрсетуге) кесімді бағалар (тарифтер) белгілеу жүргізіледі.

10. Монополияға қарсы орган Рынок субъектісіне тауарларға (жұмыстарға, қызметтер көрсетуіне) алдағы уақытта кесімді бағалар (тарифтер) белгіленетіні туралы хабарлама жіберуге міндетті.

11. Алдағы уақытта кесімді бағалар (тарифтер) белгіленетіні туралы хабарлама алған Рынок субъектісі бір апта ішінде Монополияға қарсы органға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) салалық ерекшеліктерді ескере отырып, Монополияға қарсы орган белгілеген нысан бойынша бағалар (тарифтер) жобасы;

2) бухгалтерлік теңгерім;

3) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп (N 2 нысан);

4) еңбек және еңбекақы жөніндегі есеп (1-Е нысаны);

5) өндірістік-қаржылық қызмет туралы есеп (1-ОҚ нысаны);

6) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің болуы және қозғалысы (N 1 1 нысан);

7) бағалар (тарифтер) жобасын есептеу үшін шығындарды баптар бойынша таратқан жиынтық деректер (тарифтік смета);

8) белгіленген тәртіппен бекітілген:

техникалық ысырап нормалары;

қызметкерлер санының нормативтері;

шикізаттар мен материалдар шығысының нормалары;

9) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып, амортизациялық аударымдарды есептеу;

10) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар - ниет хаттамалары, шарттар, Рынок субъектісінің мүмкіндіктерін ескере отырып, тауарларды өндіру (жеткізу) көлемін есептеу, жобалық қуаты мен оның іс жүзінде пайдаланылуы туралы деректер.

12. Ұсынылған есептеулер мен негіздеуші құжаттар мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

1) негіздеуші құжаттардың әрбір парағына Рынок субъектісінің басшысы, ал қаржы құжаттарына бас бухгалтер де қол қояды және мөрмен растайды;

2) көлемнің маусымдық ауытқулары бағалардың (тарифтердің) өзгеруіне әсерін болдырмау мақсатында жылға (жарты жылға) есептелген деректер негізге алынады, мұндай есептеу салық есебі тұрғысынан орынсыз жағдайларды қоспағанда;

3) бағалардың (тарифтердің) жобалары кезінде негізге кесімді баға (тариф) енгізер алдындағы төрт тоқсандағы тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) іс жүзінде өндірілген (жеткізілген) көлемі алынады;

4) өндірудің (жеткізудің) көлемін төмендету кезінде төмендетуді негіздейтін және оны растайтын құжаттар ұсынылуға тиіс.

13. Рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтер көрсетуіне) кесімді бағаларды (тарифтерді) қалыптастыру кезінде осы Ережеде көзделген шектеулерді ескере отырып, Рынок субъектісі қызметінің монополиялық түріне жататын және Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес келетін шығындар ескеріледі.

14. Бағаларға (тарифтерге) енгізілетін материалдық шығындар өнімдердің (қызметтер көрсетудің) бір бірлігін шығаруға жұмсалатын шикізаттар, материалдар, отын, энергия шығысының заңнамаға сәйкес бекітілген нормалары негізге алына айқындалады. Р921098_

Бағаларға (тарифтерге) нормативтік техникалық ысыраппен байланысты, заңнамаға сәйкес бекітілген нормалар бойынша есептелген шығындар енгізіледі.

15. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына, техникалық қайта жарақтандыру және негізгі өндірістік қорларды жұмысшы күйде ұстауға жұмсалатын шығындар бағаға (тарифке) осы іс-шараларды жүргізу қажеттігі туралы құжаттық растау болған кезде енгізіледі.

16. Еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын шығыстарды айқындау кезінде қызметкерлердің (әкімшілік-басқару және өндірістік қызметшілердің) іс жүзіндегі, бірақ заңнамаға сәйкес белгіленетін нормативтен аспайтын саны есепке алынады.

17. Бағаларға (тарифтерге) енгізілетін қызметкерлерге еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар баға (тариф) белгілеу алдындағы кезең (жыл, жарты жылдық) ішінде іс жүзінде қалыптасқан еңбекке ақы төлеу шығыстары негізге алына, тиісті кезеңдегі инфляция индексі ескеріліп, статистикалық деректер бойынша есептеледі. Бұл ретте еңбекке ақы төлеу шығыстары мыналарды қамтиды:

1) ұйымда қабылданған еңбекке ақы төлеу нысандары мен жүйелеріне сәйкес кесімді бағалауға, тарифтік мөлшерлемелерге және лауазымдық жалақыларға сүйене отырып есептелген, орындалған жұмыс үшін еңбекақы төлеу жөніндегі төлемдер;

2) ынталандыру сипатындағы төлемдер: өндірістік нәтижелер үшін берілетін сыйақылар (заттай сыйақының құнын қоса), кәсіби шеберлігі, еңбектегі жоғарғы жетістіктері және т.б. үшін тарифтік мөлшерлемелер мен жалақыларына үстемелер және ұйымда қабылданған материалдық көтермелеудің басқа да

н ы с а н д а р ы ;

3) жұмыс режимімен және еңбек жағдайымен байланысты, сондай-ақ ұйымдарды қайта ұйымдастыруға, қызметкерлер санын қысқартуға және т.б. б а й л а н ы с т ы т ө л е м д е р .

18. Бағаларға (тарифтерге) бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамаға сәйкес есептелген негізгі құралдардың тозу сомасы енгізіледі. V980489_

19. Бағаларға (тарифтерге) тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) тұрақты және үздіксіз өндіруді (жеткізуді) қамтамасыз ету үшін тартылған банкілердің несиелері үшін пайыздар қосылады.

20. Әкімшілік мақсаттағы шығыстарға кесімді бағаларды (тарифтерді) белгілегенге дейін қабылданған және қолданылып жүрген деңгейде кесімді бағалар (тарифтер) алдыңғы төрт тоқсан ішіндегі инфляция индексі ескеріле от ы р ы п , е н г і з і л е д і .

21. Монополияға қарсы орган қызметтің сондай немесе соған ұқсас түрімен айналысатын Рынок субъектілерінің тиісті шығындарын салыстыра талдау нәтижесінде не тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өндіру көлемі едәуір төмендеген ретте бағаға (тарифке) енгізілетін әкімшілік мақсаттағы шығыстар сомаларын өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы.

22. Рынок субъектілерінің кесімді бағаларын (тарифтерін) қалыптастыру кезінде мынадай шығыстар ескерілмейді:

1) нормативтен жоғары техникалық және коммерциялық ысырап, тауарлық-материалдық құндылықтардың бүлінуі мен жетіспеуі және қоймалардағы босалқы қорлар, басқа өндіргіш емес шығыстар мен ысыраптар;

2) ластағыш заттардың нормативтен жоғары шығарындылары (тастандылары) ү ш і н т ө л е н е т і н т ө л е м д е р ;

3) ү м і т с і з қ а р ы з д а р ;

4) шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық төлемдері мен жазалардың басқа түрлері;

5) кірісті жасырғаны (азайтқаны) үшін төленетін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

6) ұрлықтардан келген зияндар;

7) ақаудан болған ысыраптар;

8) қызмет көрсететін шаруашылықтар мен учаскелерді ұстау жөніндегі шығыстар (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызмет көрсету құнын төлеу және т.б.);

9) денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, оқу орындарының, оның ішінде кәсіптік-техникалық училищелердің объектілерін ұ с т а у ғ а к е т к е н ш ы ғ ы с т а р ;

10) сауықтыру лагерьлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй

қорын ұстауға жұмсалатын шығыстар;

11) ұйым қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, саяжай үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға алған қарыздарын (пайызсызды қоса) өтеу шығыстары;

12) мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды (демалыс кештерін, концерттерді және басқаларды) өткізу шығыстары;

13) саяжай серіктестіктерін абаттандыру (жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру) бойынша, гараждар салу бойынша шығыстар;

14) демеушілік көмек көрсету;

15) тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) өндірісіне тікелей қатысы жоқ және бағаны (тарифті) өсіруге алып келетін шығыстардың басқа да түрлері.

23. Монополиялық түрде өндірілетін (жеткізілетін) тауарларға (жұмыстарға, қызметтер көрсетуге) кесімді бағалар (тарифтер) қалыптастыру кезінде пайда (кіріс) деңгейі алдыңғы есепті кезең ішінде (статистикалық деректер бойынша) қалыптасқан орташа салалық мөлшерден аспайтын мөлшерде есептеледі.

24. Монополияға қарсы орган Рынок субъектісі ұсынған негіздеуші құжаттарды талдау жолымен бағалардың (тарифтердің) жобаларына сараптама жүргізеді, оны жүргізу кезінде Монополияға қарсы орган:

1) Рынок субъектісі тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш күн мерзім ішінде ұсынуға міндетті қосымша материалдарды сұратуға;

2) бағалардың (тарифтердің) жобаларын Монополияға қарсы органның жанындағы Сараптама кеңесінің қарауына ұсынуға құқылы.

25. Рынок субъектісінің Монополияға қарсы органға осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген немесе осы Ереженің 24-тармағы 1) тармақшасына сәйкес сұрау салынған құжаттарды ұсынбауы кесімді баға (тариф) белгілеу үшін к е д е р г і б о л м а й д ы .

26. Кесімді бағаларды (тарифтерді) енгізу Монополияға қарсы орган бұйрығында көрсетілген күннен бастап және сол кезеңге жүзеге асырылады.

3. Қорытынды ережелер

27. Осы Ереженің бұзылуына жол берген, сондай-ақ Монополияға қарсы органға жалған мәліметтер ұсынған Рынок субъектілері заңнамалық кесімдерге сәйкес жауапқа тартылады. Р990400_

28. Монополияға қарсы органның Рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтер көрсетуіне) кесімді баға белгілеу туралы шешімдеріне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

